



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI


Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №2 (1870) 21 ҚАҢТАР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

ҚазҰУ-да ғалымдар өз жетістігімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақстандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми-инновациялық жетістіктері көрмесі өтті. Көрмеде ЖОО ғалымдарының табысты ғылыми әзірлемелерімен қатар, студенттік стартаптар таныстырылды.



Мұнда келушілер назарына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, ҚазҰАУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, «Ғылым қоры», Ақпараттық және есептеу технологиялары институты, Жану мәселелері институты, Зоология институты ғалымдары өз жетістіктерін ұсынды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жанар Жеңіс Қазақстанның ши-

кізаты негізінде дайындалған дәрілік заттар өндірісі жайлы айтып берді. «Қазіргі таңда өндірістен тұмау мен бауыр ауруларының алдын алуға көмектесетін және иммунитетті көтеретін биологиялық белсенді қоспалар дайындалады. Сонымен қатар қандағы қант деңгейін төмендетуге көмектесетін, қан қысымын реттейтін, асқазан-ішек жүйесінің жұмысын жақсартатын, иммуни-

тетті көтеретін фитошайлар өндіріледі. Бүгінде орталықта дайындалған өнімдерді жекеменшік шағын клиникалардың емделушілері тұтынуда. Алдағы мақсат – мемлекеттік емханалармен және дәріханалармен жұмыс жасап, өнімді халыққа кең тарату», – деді профессор.

ҚазҰУ ғалымдары ұсынған жобаның бірі – бірнеше жылдық тәжірибеге сүйеніп жасалған

топырақты мұнайдан тазартатын табиғи минерал. Жоба жетекшісі, Химиялық физика және материалтану кафедрасының профессоры Ердос Оңғарбаевтың айтуынша, мұның ең басты артықшылығы – мұнай қалдықтарымен ластанған жерді соңғы сатысында тазарта алуында.

Жалғасы 4-5 беттерде



Нұрлан ТЕМІРБЕКОВ:

Қолданбалы математиканың
ауқымы өте кең

3-бет



Моджаб МИРЗАЯН:

Ғылыми-зерттеу базасы
мықты университет

6-бет



Эталон ключевых
качеств педагога

7-бет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Мохсен Фаганимен және Иранның Сыртқы істер министрлігінің аға сарапшысы, Фараби жұмыс тобының жетекшісі Муджани Гумимен кездесті.

Иран студенттерімізге білім грантын бөлуге дайын



Құрметті меймандарды қарсы алған университет басшысы Жансейіт Түймебаев білім ордасы туралы ақпарат беріп, ҚазҰУ-

дың Иран ЖОО-ларымен серіктестігінің артып келе жатқанын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Ақтеңіз университетімен арақатынас арта түседі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркиядағы Ақтеңіз университетінің Денсаулық сақтау саласын басқару ісі кафедрасының меңгерушісі Мұстафа Чобанмен және профессор Ферхат Сарыбекпен кездесті.



Құрметті меймандарды университет басшысы Жансейіт Түймебаев ыстық ықыласпен қарсы алып, ҚазҰУ-дың Түркиядағы жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізудегі тәжірибесімен бөлісті.

ҚазҰУ Түркия ЖОО-ларымен 45 келісімшартқа қол қойған.

Өріптестік аясында бүгінде түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар табысты жүзеге асырылуда. Соңғы екі жылда Түркиядан 20-дан астам сарапшы дәріс оқуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арнайы шақырылды. Ректор өткен жылдың желтоқсан

айында ҚазҰУ-дың 50 оқытушы-профессоры мен қызметкері Ақтеңіз университетінде тағылым-дамадан өткенін атап өтті.

Өз кезегінде профессор Мұстафа Чобан жылы қабылдағаны үшін білім ордасының басшысына ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректорат отырысы өтті. Күн тәртібінде II академиялық семестрге дайындық деңгейі қарастырылып, жаңа жылда атқарылуы тиіс жоспарлар талқыланды.

Ғылыми жаңалықтар кеңінен насихатталады



Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты. Университет басшысы ең алдымен оқу сапасын арттыруды атап өтіп, ұжым алдындағы негізгі міндеттерге тоқталды.

«Әрбір факультет, құрылым басшысы өткен жылды саралап, жаңа жылға жүйелі жоспар жасауы тиіс. Ғылымға ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Үлкен холдинг, компаниялармен жұмысты жандандыру аса маңызды. Факультеттердегі белсенді өмір, ғылыми жаңалықтар мен әзірлемелер республикалық деңгейде насихатталуы керек», – деді ректор.

Жиын барысында Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Жақыпова оқу үдерісіне дайындық барысы жайлы баяндады.

Сонымен қатар Фатима Надырқызы желтоқсан айында

магистратура мен докторантураға қабылдау жүргізілгенін жеткізді. Нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда оқуға түсушілер саны магистратура бойынша екі есеге жуық артқан. Проректор докторантура бойынша да қызығушылық артып келе жатқанын алға тартты.

Сондай-ақ мәжілісте өзге де проректорлар сөз алып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Декандар факультеттің оқуға дайындығы жайлы есеп беріп, жай-күйін әңгімеледі.

Білім ордасының басшысы ректорат мүшелерінің ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдап, білім беру мен ғылымды дамыту, студенттерге жағдай жасау және қалашықты көркейтуге қатысты жаңа міндеттерді жүктеді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Иран студенттерімізге білім грантын бөлуге дайын

Соңы. Басы 1-бетте

«ҚазҰУ қазіргі таңда Иран қорлары, университеттері, институттар және орталықтарымен тоғыз келісім жасасты. Атап айтсақ: Тегеран университеті, Шахид Бехести университеті, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігінің мәдени өкілдігі, Гуманитарлық және мәдени зерттеулер институты, Шахез Пажу зерттеу институты, Гуилиан университеті, Саади қоры және т.б. Бүгінде оқу ордасында «Әл-Фараби» орталығы табысты жұмыс істеуде. Орталық 10 мемлекетпен тығыз қарым-қатынаста. Иранның жоғары оқу орындарымен серіктестік дамыту мақсатында ортақ ғылыми конференциялар өткізіп, тарихи және мәдени кітаптарды бірлесіп шығаруға дайынбыз. Сонымен қатар биыл ҚазҰУ-да әл-Фарабиға арналған халықаралық форум өтеді. Сіздерді осы форум жұмысына шақырамын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сөз соңында ректор құрметті меймандарды оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер алдында көшбасшылық дәріс оқуға шақырды.

Өз кезегінде Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Мохсен Фагани жылы қабылдағаны үшін университет ректорына ризашылығын білдіріп, бірқатар нақты ұсыныстарын жеткізді.

«Қазақстан – біздің Каспий аймағындағы тату көршіміз және ислам әлеміндегі жақын серіктесіміз. Дипломатиялық қарым-



қатынас орнағаннан бері қос мемлекет арасындағы ынтымақтастық тұрақты түрде артып келеді. Екі мемлекеттің ғылымы мен білімін дамытуда студент алмасу, оқытушылардың тәжірибесін арттыру бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру қажет. Иран Ислам Республикасы қазақстандық студенттерге арнайы білім гранттарын бөлуге дайын. Министрлік гранттар бойынша бірқатар нақты шараларды қа-

растыруда», – деді Мохсен Фагани.

Сондай-ақ кездесу барысында Иранның CIM аға сарапшысы, Фараби жұмыс тобының жетекшісі Муджани Гуми сөз сөйлеп, Жансейіт Түймебаевқа Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер жинақталған кітапты сыйға тартты.

«Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты идеясы екі мемлекет үшін ортақ. Фараби терминологиясы бүгінге дейін әлі терең зерттелмей келеді. Біз «Әл-Фараби» орталығымен бірге аталған жобаны қолға алып, Фараби терминологиясын зерттемекпіз», – деді Муджани Гуми.

Кездесу соңында тараптар аталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласып, сыйлықтармен алмасты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Конференция жас ғалымдардың әлеуетін көрсетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Университет ғылымының дамуы – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» атты ғылыми-практикалық конференциясы «World-Class University жолында: шетелдік университеттер тәжірибесі» және «Инновациялық экожүйе мәселелері бойынша жас ғалымдардың нетворкингі» тақырыбындағы дөңгелек үстелдермен жалғасты.



кен зерттеулер мен жұмыстарды ұйымдастыруға арнады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, профессор Әлмира Құстыбаева өз сөзінде АҚШ және Ұлыбритания университеттерінде ғылым мен білімнің интеграциясы туралы (нейроғылым мысалында) айтып, зерттеулердің жоғары технологиялық деңгейін қамтамасыз ететін біртұтас жүйе ретінде ғылыми және білім беру құрылымдарының өзара іс-қимылының шетелдік тәжірибесін ұсынды.



«Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша АҚШ-тың топ-университеттерімен жұмыс тәжірибесі туралы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцентінің м.а., «500 ғалым» ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының стипендиаты Гүлнар Бөрібаева баяндады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, профессор А.Сейдикенованың баяндамасы «Бирмингем университеті (UK) мен Женева университеті Switzerland мысалында жа-

һандану контексіндегі білім беруді интернационалдандыру» тақырыбына арналды. «Инновациялық экожүйе мәселелері бойынша жас ғалымдардың Networking» дөңгелек үстелін ҚазҰУ Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, PhD, техника ғылымдарының кандидаты, Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы Дархан Ережеп ашты.

Зерттеушілердің сапасы мен санын арттыру және докторлық дәрежесін алу тәсілі ретінде спикер докторантура бағдарламасын аяқтаған «Жас ғалым» ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға тартуды ұсынды. Ғылыми тағылымдамалар мен ғалымның кәсіби дамуы туралы ҚазҰУ профессорының м.а., «Болашақ» шәкіртақы иегері Меруерт Нәжіпқызы баяндап берді.

Өткен іс-шара елдегі ғылымды жаңа деңгейге көтеріп, аса перспективалы жобаларды іске асырумен айналысатын Қазақстанның жас ғалымдарының әлеуетін көрсетті.

Гүл БАЯНДИНА

Қазір ғылыми-техникалық саланың өркендеген заманы. Бүгінде қай саланы болсын компьютерсіз көзге елестету мүмкін емес. Сондықтан математикалық есептеу, компьютерлік модельдеу, компьютерлік бағдарламалар жасау, заман талабына сәйкес, озық тұрған ғылымдардың бірі болып саналады. Қолданбалы математика саласын зерттеп, шәкірттерге білім беріп жүрген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің профессоры, математика ғылымының докторы Нұрлан Темірбековпен кездесіп, әңгімелескен едік.



Нұрлан ТЕМІРБЕКОВ, механика-математика факультетінің профессоры:

Қолданбалы математиканың ауқымы өте кең

– Нұрлан Мұқанұлы, сізді бірнеше ЖОО-да ректор, өзіміздің университетте декан, проректор болған, ғалым ретінде көпшілік біледі. Дегенмен өзіңіздің өмірбаяныңызбен оқырмандарды қысқаша таныстыра кетсеңіз.

– Мен Жамбыл облысының Луговой стансасында теміржолшылар отбасында дүниеге келдім. Ата-анам қарапайым еңбек адамдары болды. Олар еңбекке, туыстарына деген адалдығымен, балаларының болашақ дүниетанымының негізін қалады. 1977 жылы Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебін бітіріп, сол жылы С.М.Киров атындағы ҚазҰУ-дың механика және қолданбалы математика факультетіне түстім. Оқуды бітіргеннен кейін, 1982-86 жылдар аралығында Материалдар мен механика кедергісі, Жоғары математика кафедраларында ассистент болып жұмыс істедім. Содан кейін осы университеттің аспирантурасына түстім.

Қолданбалы талдау кафедрасында белгілі қазақстандық математиктер Ш.Смағұлов, Н.Данаевтардың жетекшілігімен есептеуіш математика және есептеуіш аэрогидродинамика саласында ғылыми зерттеулер жүргіздік. Навье-Стокс теңдеулерін табиғи айнымалылар және еркін қисық сызықты координаттарда жуықтап шешу бойынша жаңа ғылыми нәтижелер алынды. Сызықтық емес Навье-Стокс теңдеулері үшін сызықтық емес мүшелердің айырымдық аналогінің қасиеттері туралы лемма және айырымдық схемалардың тұрақтылығы мен жинақтылығы туралы теоремалар дәлелденді. 1990 жылы диссертация қорғап, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алдым, ал 2001 жылы докторлық диссертациямды қорғадым. Осылайша Қазақ ұлттық университеті маған алғаш білім есігін ашты.

2008 жылдан 2010 жылға дейін ҚазҰУ механика-математика факультетінің деканы, ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болып қызмет істедім. Факультет

пен университеттің ғылыми-зерттеу институттарының дамуына үлес қостым. Сол жылдары түркітілдес елдердің Бүкіләлемдік математикалық қоғамының III конгресін ұйымдастырдық. Араға біраз жылдар салып осы қара шаңырақтың Математикалық компьютерлік модельдеу кафедрасына келіп жатырмын. Сондықтан механика-математика факультеті маған өте жақын, өз ортам деп санаймын. Университеттің математика саласындағы тарихы өте бай. Есептеу және қолданбалы математика саласының маманы болғандықтан, факультеттің тарихын айта кеткенім орынды болар. «Қолданбалы математика» мамандығы 1972 жылы ашылған. Осы саланың дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдар, алғашқы ұстаздар ретінде академик Өмірзақ Стамғазин, Гарри Розенберг, Серікбай Айсәғалиев, Сапар Атамбаевтарды атап айтуға болады. Сол кездерде оқып бітірген алғашқы түлектер осы саланы әрі қарай дамытуға көп үлес қосты.

– Есептеу және қолданбалы математика саласының қандай ерекшеліктері бар және қай салаларда қолданылады?

– Қолданбалы математиканың ауқымы өте кең, биология, инженерлік ғылымдарда, техникада болсын кеңінен қолданылады. Математиканың барлық тараулары осы ғылым мен техниканың қажеттігінен туындаған. Математикалық компьютерлік модельдеу соңғы кезде өте кең дамып жатыр, ол компьютерлік техниканың дамуына байланысты. Мысалы, алғашқы электрондық есептеу машинасы өткен ғасырдың елуінші жылдары пайда бола бастады. Ол кездерде оны тек есептеуге ғана қолданды, ал қазіргі кездегі компьютерлердің мүмкіндіктері өте жоғары. Қарап отырсақ, жазу машинкасының өзі жоқ болып кетті, барлық салаларда компьютерді пайдаланып жатыр, оның ішінде математикалық компьютерлік модельдеу көптеген процестерді модельдеу үшін бүкіл әлем бойынша кеңінен қолданылады.

Жалпы, есептеу ғылымы компьютерлік технологияның дамуымен тығыз байланысты. Компьютерлік технология дамыған сайын, біздің алгоритміміз де жақсы жұмыс істейді. Мысалы, біз бұрын бір ай шығаратын есепті қазір бір күнде шығаруға болады. Осыдан 30 жыл бұрын миллион операцияны бір секундта жасайды десе, біз таңғалатын едік, қазір бірнеше терафлоппен өлшенеді. Терафлопп деген – бұрынғы есептеуден секундтың 15 есе жоғары жылдамдық. Бұл ақпаратты тездетіп өңдеу, беру, банк саласында қолданылады. Компьютерлік есептеудің негізгі бағыты – мониторинг жасау. Тағы бір бағыты – экология. Мен экология есептерімен айналысамын. Өскемен қаласының экологиялық жағдайы нашар екенін білесіздер. Сол жерде 5-6 жыл бойы экологиялық есептер шығарумен айналыстым. Қаланың микроклимат моделін жасадым. Ол үшін бюджеттен қаражат бөлінді. Қазір Алматы қаласына да сондай модель жасадық, болашақта оны да іске асырамыз деген жоспарымыз бар.

Біздің университетімізде математикалық компьютерлік модельдеу негізінен сұйық пен газ динамикасының теңдеулері, Навье-Стокс теңдеулері сияқты физикалық процестерді модельдеуге көбірек қолданылады. Бұл жағынан мектептер ашылған. Қазақстанда бұл бағыт жақсы дамып жатыр. Қазіргі жастардың істеп жатқан жұмыстары бізді қуантады. Көптеген жас ғалымдарымыздың жеткен нәтижелері өте жоғары. Шетелдерге шығып оқыған жастарымыз қаншама, солар шетелдерден жаңа ғылым алып келсе деп армандаймыз. Талантты жастарымыз көп, соларға шетелдерден тағылымдамадан өту үшін 1000-нан астам грант бөлінетінін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында айтты.

– Механика-математика факультетіне оқуға түсу үшін арнайы дайындық керек пе?

– Жастар мамандықты таңдау кезінде өзін соған бейімдеуі ке-

рек. Математика ғылымы да сондай, біріншіден, адамда негіз, аналитикалық ой болуы керек, онсыз кез келгені математик немесе программист бола алмайды. Мысалы, студент кезімізде журналистика факультетінде оқитындарға қызыға қарап, керемет көретін едік, сыйлайтынбыз. Өйткені онда газеттерге мықты мақалалар, өлеңдер жазып жүрген балалар оқитын еді. Сол сияқты мұнда да бейімділік қажет, әрі қарай студент өзін-өзі дамытады, белгілі бір деңгейге көтеріледі. Бізде республикалық физмат мектебі, Назарбаев зияткерлік мектептері бар, ауылдық мектептерден де келетін дарынды балалар көп. Сондайларды таңдап алып, білім берсе үлкен нәтиже шығады. Негізі, қолданбалы

жүргендері қаншама. Бағдарлама жасау деген оңай емес. Жұрт сырттан қарап «программист» деген жеңіл, жақсы жұмыс деп ойлайды. Ол өте ауыр жұмыс. Ол үшін алгоритмдерді, программа-лау тілдерін білу керек. Шын мәнінде қазір Қазақстанда бағдарламалар жасайтын мамандар жетіспейді. Өткенде Президент «бізге техникалық мамандар керек» деді. Жоғары оқу орындарында білім алып шыққандар аз емес, бірақ оны іске жарату керек. Грант та көп, оқу бітіріп жатқандар да көп. Біздің факультетте терең білім беруге қатты көңіл бөледі. Республика бойынша айтсақ, қазіргі кезде кейбір оқу орындары коммерция жағына ғана көңіл бөледі де, білім беруге немқұрайды қарайды. Содан кейін студенттер де оқуға салғырт қарайды, өйткені ақшасын төлегеннен кейін оған ұстаздар жақсы баға қоюға міндетті сияқты.

– Нұрлан Мұқанұлы, бірнеше жыл Шығыс Қазақстан облысындағы ЖОО-да проректор, ректор болдыңыз, сондағы жетістіктеріңізді айта кетсеңіз.

– Өскеменге 2002 жылдың басында бардым. Ол жақта 2006 жылға дейін С.Аманжолов атындағы ШҚМУ оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, ғылыми жұмыс және жаңа технологиялар жөніндегі проректоры болып жұмыс істедім. Сол уақыт аралығында жаңа оқу-ғылыми-зерттеу зертханалары құрылды, «Математика» және «Есептеу техникасын қолдану, математикалық модельдеу және ғылыми зерттеулерде математикалық әдістерді қолдану» мамандықтары бойынша магистратура мен аспирантура ашылды. 2004-05 жылдары республикалық конкурстың нәтижесі бойынша ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға ҚР БҒМ Мемлекеттік ғылыми стипендиясы берілді. Одан кейін 2006-08 жылдары Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры қызметін атқардым. Сол тұста «Іргетас» инженерлік бейіндегі зертханасын құрдық. РҒА Есептеу технологиялары институтының ғалымдарымен бірге «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі Қазақстанда алғашқы диссертациялық кеңесті аштық. Осы университеттің ректоры болған 2010-15 жылдары ғылыми-зерттеу қызметінің, тәрбие жұмысының және халықаралық ынтымақтастықтың сапасын арттыруға, университетте көптілді оқытуды, студенттер мен ОПҚ академиялық ұтқырлығы белсенділігін арттыруға көп күш салдық. Сол жылдары магистратура мен PhD докторантураның жаңа мамандықтары ашылды. 2011 жылы басталған «Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдар мен кеңесшілерді тарту» бағдарламалары табысты іске асырылды. Осы бағдарлама аясында университетке өлемнің 12 елінен 197 профессор келді. ШҚМТУ ұлттық рейтингтер қорытындысы бойынша жетекші орынға ие болып, Қазақстанның үздік 30 ЖОО қатарына кірді. Айта берсек, жетістіктеріміз көп болды.

– Әңгімеңізге рақмет.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚазҰУ-да ғалымдар

Яғни бұл әдіс топырақтағы мұнай мөлшері 5-10 пайыздан аспайтын жағдайда қолданылады. Әрі екінші рет ластануға мүмкіндік бермей, процесті басқаруға жол ашады.

Ал Ақпараттық және есептеу технологиялары институтының ғалымы Өркен Мамырбаев қазақ тіліндегі дауыстық хабарламаларды мәтінге айналдыра алатын автоматты түрде тану жүйесін әзірледі. Бүгінде «Kazak ASR» зияткерлік жүйесін Telegram-да тексеріп көруге болады.

Сондай-ақ көрмеге «Ғылым қорының» ҚазҰУ-мен бірлескен наноматериалдарға негізделген қабылдағыштар, білім беру мекемелеріне арналған шағын ғарыш аппараттары бойынша жобалары, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың «Қалалық жылу желісінің сандық егізі» жобасы, Зоология институтының «Қазақстан жануарларының Қызыл кітабын және сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар бойынша электрондық деректер базасын әзірлеу» жобасы және өзге де 30-дан астам инновация қойылды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асқан ауқымды шара көрмеден соң, «Университет ғылымының дамуы – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты.

Алқалы жиында ЖОО ректорлары, ғылыми-зерттеу институтының директорлары, академик-ғалымдар, оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар бас қосты.

Шараның ашылуында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Нұрқытау сөз сөйледі. Ғылым мен инновацияны дамытудың және Мемлекет басшысы айтқан әртараптандырылған, технологиялық экономиканы құрудың маңызын атап өтіп, министр университеттердің бүгінгі таңдағы даму барысына тоқталды. Қазіргі уақытта елімізде шетелдік бес жетекші зерттеу университетінің филиалы ашылды. Университет ғылымын тұрақты қаржыландыру үшін 2023 жылы бес пилоттық оқу орнында эндаумент-қорларды ашу бойынша нысаналы капитал қорлары туралы жеке заң тұжырымдамасы және жол картасы әзірленді.

«Қазақстанда университеттік ғылымды дамыту бойынша қабылданған басымдық жоғары тиімділігі мен нәтижесін көрсетті. Соңғы жылдары елдегі ғылыми-зерттеу белсенділігінің көрсеткіштері ғылымның дәстүрлі моделін сақтаған посткеңестік елдердің көпшілігіне қарағанда жоғары. Университет ғылымының дамуына жоғары білім беру жүйесін интернационалдандыру бағдарламасы ықпал ететін болады», – деп атап өтті ведомство басшысы.

Жиында сөз алған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмед-Заки еліміздің жоғары оқу орындарының негізгі жетістіктері туралы айтып, қойылған міндеттерге назар аударды.

«2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 28,2 млрд теңгеге жеті басым бағыт бо-



йынша 1070 жоба іске асырылды. Жобалардың басым көпшілігі: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 140, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ – 80, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ – 49 жобаны жүзеге асырды. Дәйексөздер саны және дәйексөз келтіруі жоғары мақалалар бойынша университеттер көрсеткіші басқа ұйымның түрлеріне қарағанда айтарлықтай ілгері. Гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 21,7 млрд теңгеге 561 ғылыми жоба (42%) іске асырылуда. Үздік үштікке: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 31%, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ – 16%, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 13% көрсеткішпен кіреді», – деді комитет төрағасы.

Сөз соңында Дархан Жұмаханұлы «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заңы бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын алға тартты. Атап айтқанда, ЖОО-лардың гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурстарға қатысуы жөніндегі жұмысты жандандыру, ғылым департаменттерінің, ЖОО-лардағы коммерцияландыру кеңселерінің жұмысын күшейту, оқытудың жаңа тетіктерін енгізу арқылы ғылыми кадрларды даярлаудың сапасы мен тиімділігін арттыру қажеттігі атап айтылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз

баянамасында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін экономиканың нақты секторына айналдыру үшін университетте «идеяны қалыптастырудан – оны коммерцияландыруға дейін» технологиялық дәлізі құрылғанын айтты. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың интеллектуалдық әлеуеті зор. Оқу орнында Қазақстан және әлемге іргелі ғылым саласындағы зерттеулерімен танылған беделді ғылыми мектептер бар», – деп атап өтті университет басшысы.

Ғылым пайда әкелуі үшін ҚазҰУ-да жүзеге асырылып жатқан жобалар аясында инновациялық кәсіпорындар құрылып, жоғары технологиялық өнім шығаратын шағын өндіріс орындары іске қосылған. Олар – шунгит концентраты, полиэфирлі шайырлар, газразрядтық лампалар, дәрі-дәрмектер, көміртекті нанокұрылымдар және тағы басқа өндіретін 10-ға жуық шағын өндірістер. «Жалпы мұндай жобалар саны 100-ден асады. Біз нақты сектормен, агроөнеркәсіптік кешенмен, өнеркәсіппен ынтымақтастықты нығайту мақсатында бұл жобаларды сипаттайтын екі томдық кітап шығарып, әкімдіктер мен министрліктерге жібердік», – деді ректор.

Сондай-ақ пленарлық отырыста Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Басқарма Төрағасы –

Ректоры Мейрам Бегентаев, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Дәрия Қожамжарова, ҚР ЦДИАӨМ «Qazinnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігінің басқарма төрағасы Санат Аханов және өзге де ЖОО басшылары мен институт директорлары баяндама жасап, пікір білдірді.

Қатысушылар озық тәжірибе алмасу, ғылыми ұйымдар мен университеттер ынтымақтастығын кеңейту қажеттігін қолдады. Сонымен қатар жиында жоғары оқу орындарын зерттеу университеттеріне трансформациялау, ғылыми-технологиялық даму саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері талқыланды.

Содан соң екі күнге жоспарланған конференция жұмысы параллель секцияларға жалғасты. Онда «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру», «Ғылыми-технологиялық дамуды қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық базасы», «Инновациялық университет экожүйесі: технопарктерді, зерттеу хабтарын, инжинирингтік орталықтарды және бизнес-инкубаторларды іске асырудың сәтті кейстері» бағытта-ры қарастырылды.

**Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**



Болатбек ҚҰСАЙЫН,
Қазақ-Британ техникалық университеті
Д.Соколовский атындағы Жанармай, катализ электрохимия институты бас директорының инновациялар жөніндегі орынбасары:

– Біздің алып келген катализатор автокөлік, өндіріс орындары шығаратын улы газдарды тазалайтын құрылғы. Қазіргі кезде көгілдір отын барлық аумақтарға жеткізілген жоқ, көп жерлерде көмір жағып отыр. Біздің катализаторларды пайдалану арқылы үлкен қалаларды көмірмен жылытатын ЖЭО-лардан шығатын улы газдарды 99,8 пайыз тазартуға болады. Бұл құрылғылар күлдің қалдықтарын, екіншіден – көмірқышқыл газын, үшіншіден – химиялық қалдықтарды, азот оксидін жояды. Ең бастысы – улы газдарды жинап, одан тауарлық газ шығарады. Оны кобальт алуға, дәнекерлеу жұмыстарына пайдалануға болады. Осындай жобаларды жолға қойып жатырмыз.

Ал енді бүгінгі көрмеге келетін болсақ, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Қанша ҒЗИ, ғылыми лабораториялар мен орталықтардан ғалымдар жиналған. Бұл жерде өзіңнің жасаған ғылыми жаңалықтарды көрсетуге және қаншама пайдалы ақпарат алуға болады. Қазақстанда қаншама дарынды ғалымдар бар, солар жасаған ноу-хауды БАҚ арқылы коммерсанттарға көрсету керек. Сондықтан осындай көрмелер жиі ұйымдастырылып тұрса...





Өз жетістігімен бөлісті



Дәурен ЖЕКСЕНБАЙ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
физика-техникалық
факультетінің аға оқытушысы:

– Жоба тақырыбы: «Нейрондық желі көмегімен нысандарды анықтау». Бұл жобада нейрондық желі арқылы бетті анықтау, нысандарды жіктеу және сәйкестендіру іске асырылған. Бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференция жоғары деңгейде өтуде. Әр университеттен түрлі жобалар көрмеге қойылған. Қай-қайсысы да тың жаңалықтар мен соны зерттеулер. Бұл қазақстандық жас ғалымдардың өз жұмысын таныстырып қана қоймай, тың жаңалықтарымен бөлісуге өз септігін тигізуде.



Манзура ЖОЛДАСОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Когнитивтік нейроғылым»
ғылыми-зерттеу орталығының
ғылыми қызметкері, PhD:

– Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың мақсаты – депрессиялық күйді объективті диагностикалау үшін ЭЭГ биомаркерлерін анықтау; депрессиялық күйді ғылыми-негізделген диагностикадан өткізу және дәрі-дәрмексіз түзету әлеуметтік маңызды аурулардың ауыртпалығын төмендету; депрессиялық күйдің ЭЭГ маркерлерін анықтау, депрессиялық күйді дер кезінде диагностикалаудың жаңа технологияларын әзірлеу. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысының бірегейлігі когнитивті жүктеме кезіндегі депрессиялық күйді нақты анықтайтын жаңа ЭЭГ биомаркерлерін анықтаудан тұрады. Зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау еліміздің тұрғындарының басым көпшілігін зерттеуге мүмкіндік беретін компьютерлік кешенді психофизиологиялық диагностиканы жасаудан тұрады.

Әбдіғали ӘЗИМОВ,
Мұхтар Әуезов университеті
Инновациялық су тазарту
жүйелері лабораториясының
меңгерушісі:

– Көрмеге алып келген жобамыз – стевия өсімдігінен жасалған, қант диабетімен ауыратындарға арналған табиғи тәттілендіргіш. Бұл қанттан 200 есе тәтті, бірақ диабетті қоздырмайды. Стевия өсімдігі негізінен Аргентинада өседі. Сол жақтың үндістері жарақаттарына жағып, асқазан ауырғанда ішіп, дәрі ретінде пайдаланған. Кейіннен оны француздар алып келіп, жылыжайда өсіре бастаған. Біз соны Қазақстанның климатына бейімдеп, ашық даладағы егістікте өсіретіндей деңгейге жеткіздік. Бұл өсімдік жылуды және суды қажет етеді. Түркістан облысының климаты бұл талаптарға сай келді. Біз жылыжайда өсірген көшеттерді далаға егіп, жақсы өнім алдық. Бұдан экстракт емес, тәттілендіретін таблеткалар жасадық. Оның бес келісі бір тонна қанттың орнына жүреді және денсаулыққа пайдалы – жүйке жұмыстарын



жақсартады, иммунитетті жоғарылатады. Осы кезге дейін дәріханаларда шетелдік дәрілер сатылып келді, енді өзіміздің өнімдерді шығаратын боламыз. Бүгінгі жиын өз өнімдерімізді халыққа көрсетуге және басқалар не істеп жатқанын көруге мүмкіншілік берді. Қазір біз үлкен өндіріске шығу үшін коммерциялау жобасын жасап жатырмыз, сондықтан бұл, бір жағынан, бізге жарнама. Серіктестіктер табуға мүмкіндіктер береді. Сондықтан көрмені ұйымдастырушыларға, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға көп алғыс айтамыз.

Қанат БЕКНАЗАРОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
химия және химиялық
технология факультетінің
докторанты:

– Жобаның тақырыбы: «Қазақстанның көміртек-минералды шикізаты негізінде жаңа композиттік материалдардың тәжірибе-өнеркәсіптік өндірісін құру» деп аталады. Жобаның негізгі ерекшелігі: резеңке және пластик қоспаларының құрамында қолданылатын дәстүрлі толтырғыш – техникалық көмертектің орнына шунгит (көміртек-минералды шикізат) қолдану. Ал алынған қоспадан резеңке-техникалық және пластик бұйымдарды әзірлеу. Шунгитті толтырғыштың артық-



шылықтары: физика-химиялық қасиеттерін сақтай отырып әзірленген бұйымдардың бағасын 20-25 пайызға төмендету, яғни арзан көміртекті толтырғыштарды өндірісте қолдану.

Ұлан ЕРЖАНҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Жану проблемалары
институтының ғылыми
қызметкері:

– Біздің институтта инновациялық жоғары эффективті сорбент алу технологиясы дайындалды. Бұл сорбенттің шетелдік және отандық аналогтерінен басты ерекшелігі – жоғары сорбциялық қасиет пен жоғары беттік ауданы болып табылады. Аталған сорбент жергілікті ауылшаруашылық шикізатынан карбонизация және одан кейінгі физика-химиялық активация әдісімен алынады. Бұл жоғары эффективті сорбент су тазалау сүзгілерінде, сонымен қатар ауаны токсиндік газдардан тазалауда қолданылады. Яғни отандық өнім алумен қатар, бельгиялық зерттеушілермен бірлесіп халықаралық НАТО жобасымен жеке қолданыстағы және әскери саладағы противогаздар жасалауда.

Институтымыздың келесі инновациялық өнімі – гидроксипатит кальция. Мұндағы жаңалық



– гидроксипатит кальцияны алудың құнын бірнеше есе арзандату мен жергілікті шикізатты қолдану. Аталған өнім шетелдік аналогтерімен салыстырғанда өзіндік құны арзан, бірақ сапасы жағынан бірдей. Қазіргі уақытта өнімге қажетті құжаттар алу процесі жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар аталған өнімімізге Қазақстанның Алматы және басқа да қалаларының стоматологиялық клиникаларынан қызығушылық танылып, біздің өнімді алуға деген ниеттерін білдіріп отыр.



Ертуған НҰРЛАНБЕКҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
физика-техникалық
факультетінің аға оқытушысы:

– Жобаның негізі – марганец диоксиді және графен нанокөмпозиттері негізінде жасалған суперконденсаторлар. Яғни суперконденсатор деп отырғанымыз – қарапайым батареялар, аккумуляторлар десек болады. Солардың жаңа түрі. Ескі қолданыстағы батареялармен салыстырғанда мұның артықшылығы – суперконденсаторлар зарядталу-разрядталу циклі ұзаққа шыдайды. Мысалы, біздің смартфоньымыз бір жылдан кейін батареясының сыйымдылығы азайып қалатын болса, мұнда одан да ұзақ уақытқа дейін өзінің жоғарғы сыйымдылығын сақтап тұрады. Одан кейін қосымша утилизация-



лаудың арнайы бір технологиясы керек емес, өйткені бұл экологиялық таза. Бүгінгі конференцияның жас ғалымдарға сыйлайтын мүмкіндігі аса зор. Өйткені Қазақстанның барлық ғалымдары бір-бірімен пікір алмасу арқылы жаңа идеялар тууына септігін тигізеді.



Алексей ОКСИНЕНКО,
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ
техникалық зерттеу
университеті Пилотсыз ұшу
құралдары лабораториясының
жетекшісі:

– Біз жасап жатқан пилотсыз ұшу құралдарын (ПҰҚ) әртүрлі мақсатқа қолдануға болады және олардың модельдері де әртүрлі. Бүгінгі көрмеге ПҰҚ шағын екі түрін шығардық. Бұлар ауыл шаруашылығына арналып жасалған агродрондар. Бұлардан басқа, түнде ұшатын, ауа құрамын, сапасын анықтайтын дрондар, күн энергиясымен 10 сағаттан астам жұмыс істейтін, 170 шақырымға ұшатын аппараттар бар. Ішкі жану қозғалтқышы арқылы ұшатын ауыр ПҰҚ 15-20 келі жүкті (медикаменттер, бейнекамера) көтереді. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, олардың құны 25 мың теңгеден басталатын шағын дрондардан 25 млн теңгеге дейін болады. Үлкендері шамамен 4,5



метр, салмағы 40 келі болады. Бұларды азаматтық немесе әскери салаларда пайдалануға болады. Қазір осыларды коммерциялауды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі көрмені ұйымдастырушыларға ризамыз. Әртүрлі саланың ғалымдары жинаған мұндай көрме бұрын болмаған. Ғалымдар үшін өте қызықты жоба, өз басым мұнда көп инновациялық жетістіктерді көрдім.

Моджаб Мирзаян – Батыс Шотландия университетінің (UWS) Есептеу, инженерлік және физика ғылымдары мектебінде химиялық инженерия бағдарламасының жетекшісі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті химия және химиялық технология факультетіне шақырылған профессор. 1994 жылы Иранның Шираз университетінде магистр дәрежесін бітіргеннен кейін ғалым әртүрлі салаларда, соның ішінде алюминий өндіру және вакцина өндіру компанияларында қызмет етті.



Моджаб МИРЗАЯН:

Ғылыми-зерттеу базасы мықты университет



Профессор химиялық технология және химиялық инженерия саласын терең зерттеген ғалым ретінде белгілі. Оның ғылыми қызығушылықтары – энергияны сақтауға, нанокеуекті көміртекті материалдарды, сутегіні сақтауға арналған материалдарды, энергия үнемдеудің электрохимиялық технологиясын (атап айтқанда, LiO2 аккумуляторларды) әзірлеуді қамтиды. Ғалым жоғары импакт-факторы бар мақалаларды қоса алғанда, 120-дан астам ғылыми еңбектің авторы. Ұлыбританиядағы Стратклид университетінде, Белфаст Queen's университетінде, Иранның әртүрлі университеттерінде әрі ғылыми-зерттеу институттарында оқыту және зерттеу тәжірибесі мол. Моджаба Мирзаян ҚазҰУ-дағы химия және химиялық технология мен физика-техникалық факультеттерінің PhD студенттеріне докторлық диссертация бойынша шетелдік жетекші.

– Мен АҚШ-тағы Браун университетімен және Ұлыбританиядағы Оксфорд, Сент-Эндрюс, Кембридж, Суррей және Реддинг университеттерімен ынтымақтастықта жұмыс атқардым. Соңғы екі жылда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен, атап айтқанда, химия және химиялық технология факультеті мен физика-техникалық факультетімен ынтымақтастықта болдым. Осы ынтымақтастық барысында бакалавриат, магистратура және PhD деңгейіндегі студенттерге дәріс оқыдым. PhD докторанттардың ғылыми жобаларына жетекшілік етіп қана қоймай, ғылыми зерттеулер мен ғылыми жобаларға дайындадым. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы алғаш естігенімде қызығушылығым оянып қана қоймай, таңданысым да артты. Жалпы, бұл университеттің оқу және ғылыми-зерттеу базасы мен кәсіби және әлемдік деңгейдегі академиктер тұрғысынан, сондай-ақ дарынды студенттерінің көптігімен алдыңғы саптағы озық оқу ордасы екеніне көзім жетті, – деді ғалым.

Моджаб Мирзаянның кандидаттық диссертациясы көмірдің CO2-мен жоғары қысымды әрекеттесуі, CO2 секвестрленуі және көмір қабаттарынан CH4 ығысуы туралы болды. 2003 жылы оның зерттеуі Шотландия университеттері арасындағы ең үздік ғылыми жоба ретінде таңдалды және ол өз зерттеулерін Ұлыбританияның жас химиктері, химиялық инженерлері және технологтері палатасында (Ұлыбритания парламенті) арнайы зерттеу презентацияларында ұсынуға шақырылды. 2004-05 жылдары Стратклид университетінің таза және қолданбалы химия кафедрасында Al-terg SA компаниясымен бірлесе отырып, қатты күйдегі сутегін сақтауға арналған нанокөмірдік материалдарды әзірлеу бойынша ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Стратклид университетінде АҚШ-тың Браун университетімен және Оксфордпен бірлесе отырып аккумуляторлар мен суперконденсаторларда энергияны сақтауға арналған наноматериалдарды әзірлеуге қатысты. 2010 жылдан 2012 жылға дейін Белфасттағы Queen's университетінің химия және химиялық инженерия мектебінде оқытушы болып жұмыс істеді.

Профессор Мирзаян – көміртекті секвестрлеу, нанокеуекті көміртектер, сутегі сақтауға арналған материалдар, энергияны сақтауға арналған материалдар және электрохимиялық энергия сақтау технологияларын зерттеу қауымдастықтарының халықаралық деңгейде танылған сарапшысы. «Энергетика», «Қоршаған орта» және «Әртүрлі инженерлік қолданбалар үшін функционалдық материалдарды әзірлеу» салаларында кең өндірістік және академиялық тәжірибесі бар. Мәселен, энергияны сақтауға арналған жоғары өткізгіш нанокеуекті көміртектер мен наноматериалдарды әзірлеу; сутегі сақтауға арналған нанокөмірдік материалдар; электрохимиялық энергияны сақтау технологияларын дамыту (әсіресе суперконденсатор және Li/

ауа батареясы); өнеркәсіптік энергия менеджменті және CO2 секвестрлеу/сланец газы т.б. Ғалымның осы тұрғыдағы жұмыстары 130-дан астам рецензияланған басылымдарға, бірнеше өнеркәсіптік және мемлекеттік зерттеулерді қаржыландыруға, сондай-ақ Иран, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, БАӘ, Болгария, Қазақстан және Түркия елдері институттарымен дүниежүзілік ынтымақтастыққа әкелді. Ғалымның айтуынша, оның PhD докторанттарының бірі студенттерге арналған қолданбалы инженерия бойынша (ICSAE) Ұлыбританияның Ньюкасл қаласында өткен «Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму» атты халықаралық конференцияда ең үздік зерттеу номинациясы бойынша марапатталған.

Профессор Мирзаян бірнеше халықаралық конференцияның ұйымдастырушысы, ғылыми комитеттердің мүшесі болған және 34 елде 85-тен астам халықаралық конференцияда өз зерттеулерін ұсынған. Сонымен қатар Energies журналының редакциялық кеңесінің мүшесі; Energies журналындағы (MDPI) «Жоғары энергия суперконденсаторлары» арнайы шығарылымының жетекші редакторы; Energies журналындағы (MDPI) «Көміртекті алу, пайдалану және сақтау (CCUS) технологиясы және оның процестеріндегі соңғы жетістіктер» арнайы шығарылымының жетекші редакторы.

– Көптеген елдердің университеттерімен және ғылыми-зерттеу институттарымен жұмыс істеудегі оқытушылық, ғылыми және басқа да академиялық тәжірибелеріме сүйене отырып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды тек білім беруде ғана емес, үлкен жетістіктері мен шексіз әлеуеті бар жетекші университеттердің бірі әрі бірегейі деп білемін. Білім ордасының дарынды студенттері бакалавриат, магистратура және PhD деңгейлерінде, сонымен қатар Қазақстан және тіпті әлеммен бетпе-бет келіп отырған ең күрделі мәселелерді шешу жолында түрлі салаларда зерттеулер жүргізуде. ҚазҰУ-да қызмет атқару, әсіресе университеттің химия және химиялық технология, физика және химиялық технология факультеттерімен жұмыс істеу маған халықаралық оқыту мен ғылыми зерттеулерде үлкен тәжірибе сыйлады. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, әсіресе, маған осындай мүмкіндік бергені үшін университеттің химия және химиялық технология мен физика-техникалық факультеттеріне алғысымды білдіргім келеді. Болашақта аталмыш білім ордасымен ынтымақтастықты жандандырып, қайта жалғауға мүдделімін, – деді профессор сөзін қорытындылап.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Пәкістан елшісімен кездесу

Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің деканы, профессор Наталья Ем мен Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Саджад Ахмед Сихар мырза кездесіп, екіжақты қарым-қатынас мәселелерін талқылады.



Қазақстан мен Пәкістан арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнағанына 30 жыл толып отыр. Шығыстану факультетінде урду тілі мен әдебиетін оқыған мамандар бүгінде дипломатия, журналистика, аударма, әскери білім беретін мекемелерде урду тілін оқытып, қызмет атқарып жүр. Кездесу барысында елші мен декан экономика және мәдени-гуманитарлық саладағы екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылап, оның даму болашағына талдау жасады. Тараптар

да бірқатар зерттеулер жүргізіп келді. Алайда мемлекеттік гранттардың аз бөліну себебінен студент саны өте аз екені айтылғанда, елші мырза Пәкістандағы Қазақстан елшілігінде факультет түлектерінің абыройлы қызмет атқарып жүргенін тілге тиек етті. Білім ошағы түлектерінің жоғары деңгейде қызмет атқаруы үлкен жетістік екенін әрі Пәкістан халқының тілін, мәдениеті мен тарихын меңгерген мамандардың қажеттігі әңгіме арқауына айналды.

Кездесу барысында



екі ел арасында экономика, медицина, мәдениет және туризм салаларындағы байланысты жетілдірудің мүмкіндігі зор екенін алға тартып, екіжақты қарым-қатынасты кеңейтудің, университетаралық байланысты нығайтудың маңызды мәселелерін талқылады. ҚазҰУ – Қазақстанда урду тілі мен әдебиетін оқытатын жалғыз оқу ордасы. Бұған дейін студенттер Пәкістандағы университеттерде академиялық ұтқырлық бойынша тағылымдамадан өтіп, тіл, әдебиет, тарих және мәдениет саласын-

елші мырза ҚазҰУ мен пәкістандық университет арасында меморандумға қол қоюға ықпал етіп, тараптардың білім беру саласындағы ынтымақтастығының артуына еңбек етуге дайын екенін айтты.

Басқосу соңында қонақтар ҚазҰУ қабырғасында Пәкістан тарапы ашқан Мұхаммед Әли Джинна атындағы орталықта ескерткіш суретке түсті.

Бота БОКУЛЕВА,
шығыстану факультетінің
доценті м.а.

Эталон ключевых качеств педагога

В этом году исполняется 60 лет со дня рождения крупного ученого, доктора географических наук, профессора Нюсуповой Гульнары Нурмухамедовны.

Нюсупова Г.Н. заведующая кафедрой географии, землеустройства и кадастра факультета географии и природопользования КазНУ имени Аль-Фараби. После окончания с отличием работала в 1985-1999 гг. в Институте географии АН РК в должности инженера, МНС и НС. В 1988-1991 гг. училась в очной аспирантуре Института географии АН РК по специальности экономическая и социальная география. В 1991-1994 гг. заочно окончила факультет финансы и кредит КазГАУ по специальности экономист. 1999-2008 гг. она прошла трудовой путь в КазНУ им. Аль-Фараби от специалиста кафедры экономической и социальной географии до заведующей кафедрой экономической, социальной и политической географии. По инициативе Гульнары Нурмухамедовны в 2010 году на кафедре были от-

крыты новые специальности «Землеустройство» и «Кадастр», по которым успешно идет учебный процесс в бакалавриате, магистратуре и докторантуре.

Нюсупова Г.Н. успешно совмещает административную, учебно-методическую и научную деятельность. В 2010 году защитила докторскую диссертацию на тему: «Социально-демографические основы оценки уровня человеческого развития Республики Казахстан». Она непрерывно участвует как в республиканских, так и в международных научных проектах. Как научный руководитель успешно выполнила 3 научных проекта по линии грантового финансирования научных исследований МОН РК. Она автор более 230 научных работ, в том числе монографии, учебники, научные статьи в изданиях, индексируемых в базах Scopus и Web of science, статьи КОКСОНВО, публикации в материалах международных конференций. Гульнарой Нурмухамедовной создана научная школа по исследованиям социально-демографических процессов в Республике Казахстан. Под ее руководством защищены 3 докторские диссертации PhD.



Нюсупова Г.Н. в 2014-2021 гг. была председателем диссертационного совета по группе специальностей географических наук при КазНУ им. Аль-Фараби. С 2008 года является председателем жюри олимпиады школьников республиканского уровня по линии «Дарын» МОН РК по географии. Она является обладателем гранта МОН РК «Лучший

преподаватель ВУЗа» (2007 и 2021 г.). Награждена нагрудным знаком МОН РК за достигнутые успехи в области науки РК «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін».

Гульнара Нурмухамедовна человек исключительной работоспособности, которая не устает учиться новому, всегда шагает в ногу со временем и совершен-

ствует свои навыки и знания в области своих научных интересов и педагогической деятельности. Вся ее профессиональная деятельность является эталонным образцом ключевых качеств педагога, научного и административного работника, которая на протяжении 15 лет заведует кафедрой. Она виртуозно сочетает классическую науку с современными тенденциями в науке и образовании. Она многократно была отмечена грамотами и благодарностями как от нашего университета так и от Министерства образования РК. Мы как ученики очень благодарны за ее неоценимый труд, вложенный в нас на пути формирования нашего научного потенциала.

Поздравляем Гульнару Нурмухамедовну с юбилеем и желаем крепкого здоровья, новых творческих открытий и всего самого доброго!

Лаура КЕНЕСПАЕВА, Дамира ТАЖИЕВА,
ст. преподаватели кафедры географии, землеустройства и кадастра

Готовим врачей-стоматологов

Профессия медицинского работника в современных условиях приобретает особую ценность. В настоящее время медицинские услуги рассматриваются как стратегический капитал, и 70% всех капитальных вложений в отрасли охраны здоровья в мире направляются именно на квалифицированное обеспечение. Медицина и охрана здоровья всегда будут высоко востребованы и основаны на постоянном совершенствовании знаний и практики.

Факультет медицины и здравоохранения Казахского национального университета им. Аль-Фараби предлагает высоко востребованные образовательные программы и эксклюзивные траектории, в том числе лучшие международные научно-образовательные, клинические практики и стажировки, направленные на качественную подготовку врачей и специалистов здравоохранения.


На факультете за основу берутся международные стандарты и новые научные достижения, которые осуществляют подготовку медицинских кадров на всех уровнях образовательных программ – бакалавриат, магистратура и докторантура. Также предусмотрено дополнительное профессиональное образование для представителей бизнеса и специалистов различных сфер и секторов, занимающихся разработкой, продвижением и реали-

зацией программ улучшения и поддержания здоровья. В структуре факультета действуют две школы: Высшая школа общественного здравоохранения и Высшая школа медицины, а также научно-практический центр «Инновационное здравоохранение». На сегодняшний день на факультете обучаются студенты из Турции, Афганистана, Йемена, Иордании, Ирана, Ирака, Кении, Пакистана, Палестины, Сирии, Индии, США, Китая, России, Монголии, Узбекистана и Туркменистана.

Новая образовательная программа бакалавриата по стоматологии была разработана на 3 языках казахском, русском и английском языках, что позволяет осуществлять учебный процесс для иностранных студентов.

Преимущества реализации образовательной программы в мультидисциплинарном вузе: сильная академическая программа, гибкая, отвечающая современным тенденциям в образовательной сфере, как инструмент продвижения своих образовательных программ и исследований, а значит и повышения конкурентоспособности; отличные возможности для исследовательской работы, совместно с другими факультетами, такими как биология, химия, генетика, IT-специальности; совместные публикации в международных рейтинговых научных журналах, как с коллегами зарубежных вузов – партнеров, так и со студентами.

При разработке образовательной программы (ОП) был проанализирован и учтен программы стран Евросоюза и рекомендации Ассоциации стоматологического образования в Европе Association for Dental Education in Europe (ADEE). Кон-



цептуальное ядро образовательной программы, как и стандарта нового поколения, составлен компетентностно-ориентированный подход к ожидаемым результатам высшего стоматологического образования. Основной акцент при разработке ОП: качественное образование, востребованное на рынках труда; разнообразие подходов и профилей дисциплин; развитие межспециализационных навыков и умений, таких как коммуникация и языки; способность мобилизовать знания, решать проблемы, работать в команде и развиваться.

ОП была разработана с целью внедрения передового опыта признанных международных медицинских школ, таких как Florida University of Dentistry, Michigan Dental school и Singapore Dental School в образовательный процесс КазНУ. Конструирование образовательной программы на основе опыта мировых ведущих стоматологических школ, дает возможность определять «дизайн» будущих компетенций выпускников, что позволяет новой программе быстро адаптироваться в современных вызовах стоматологического мирового образования. А также высокая



позиция университета в международных рейтингах дает больше возможностей для расширения научного сотрудничества, обмена в образовательном процессе, развития потенциала ППС, международной академической мобильности студентов.

Отличительные особенности ОП стоматологии КазНУ: разработана на основе междисциплинарной интеграции знаний и практических действий на всех этапах подготовки специалиста с 1 курса; определены структура и функциональные возможности междисциплинарного сетевого учебно-методического комплекса, способствующие повышению эффективности обучения в вузе. Учебно-методический комплекс включает в себя программно-методическую и содержательную составляющие, в том числе методические рекомендации по выполнению практических работ, задания для самостоятельной работы студентов, тесты для контроля и самоконтроля, библиографический список и интернет-ресурсы, электронный курс лекций.

Новая дисциплина «Введение в стоматологию» для студентов 1 курса, где студент овладеет и сможет использовать – началь-

ные формы коммуникативных навыков в профессии врача, проводить общую оценку состояния пациента при экстренных состояниях, проводить манипуляции внутривенных и внутримышечных инъекций на фантомах, оказывать неотложную помощь взрослым и детям: оценка, дыхание, кровообращение, дефибриляция (автоматическая наружная дефибриляция) до прибытия профессионального медицинского персонала.

Новая дисциплина «Анатомия зубов и материаловедение» для студентов 2 курса, где студент овладеет и сможет использовать – частной и общей анатомии зубов и сроки прорезывания, основы изолирования зубов для препарирования, основы препарирования зубов под различные виды пломбировочных материалов на фантомах, основы замешивания и наложения пломбировочных материалов, основы зуботехнического изготовления конструкций



Таким образом такое построение учебной программы обеспечивает формирование социально-личностных компетенций студентов, направленных на целевое использование соответствующих межкультурно-коммуникативных компетенций студентов для сохранения, укрепления здоровья как будущих пациентов, так и свое собственное и подготовки к профессиональной деятельности в сфере медицины и здравоохранения.

Валерия ДОЛГИХ, Алибек АМЗЕЕВ,
старшие преподаватели факультета медицины и здравоохранения

Инновациялық жобалар қоғамды өзгертеді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Университет ғылымының дамуы – Қазақстанның инновациялық дамуының қажетті алғышарты» атты көрме өтті. Оған ҚазҰУ-дың, ғылыми-зерттеу институттарының және өзге де жоғары оқу орындарының инновациялық жобалары қойылды. Көрме аясында ұйымдастырылған ғылыми конференцияда ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Енді осы инновациялық жобалар өндіріске енгізіліп, ел экономикасына пайдасын тигізуі керек» деді. Ал университет ректоры Жансейіт Түймебаев инновациялық жобалар қоғамды алға жетелеп, өзгертетінін айтты. Ғалымдар өз жаңалықтарын ортаға салып, ой-пікір бөлісті.

Суреттерді түсірген Марат ЖҮНІСБЕКОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28,
тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.